



Ахмет Байтұрсынұлы: Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі

# QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден  
бастап шығады

№13/195  
28 наурыз



Облыстық апталық ақпараттық-жарнамалық газет  
www.instagram.com/qorjyntubek\_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru



## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҮНДЕУІ

### Қымбатты отандастар!

Бүгін «Тазару күніне» орай еліміздің әр түкпірінде «Таза Қазақстан» жалпыұлттық жобасының жаңа кезеңіне жол ашатын ауқымды экологиялық акция басталды.

Бұл – Наурызнама онкүндігінде айрықша орын алатын күн. Қоғамымыздың жаңғыруы күллі табиғаттың жаңаруымен тұспа-тұс келіп отыр. Уақыт пен іргелі өзгерістердің осылай үндесуі баршамызға Отанымыздың игілігі жолында аянбай еңбек етуге айрықша күш-жігер беретіні сөзсіз.

Республика аумағында «Мөлдір

бұлақ» бастамасын жаппай жүзеге асыру қолға алынды. Бұл жоба аясында бұлақтардың көзін ашып, тал егу, жағалаулар мен су айдындарын, аулалар мен саябақтарды тазалау жұмыстары жалғаса береді.

Наурыз мейрамы кезінде қабылданған Жаңа Халық Конституциясында азаматтарымыздың табиғатқа қамқорлықпен қарауы ұлттық дүниетанымымыздың басты қағидатының бірі ретінде айқындалған.

Жаңа Халық Конституциясы ел бірлігінің арқауы, рухани және құқықтық бағдарымыз әрі Тәуелсіздігіміздің мызғымас тұғыры болатыны

күмәнсіз.

Ата заңымыз қоғамда дүниетанымымыз бен бітім-болмысымыздың өзегі саналатын ынтымақ, жауапты әрі жасампаз отаншылдық, сондай-ақ «Таза Қазақстан» құндылықтарын қалыптастырады.

«Таза Қазақстан» идеологиялық тұжырымдамасының түпкі мәні көшелерді, аулаларды және айналамызды таза ұстаудан ғана емес, Қазақстан азаматтарының әл-ауқатын арттыруға бастайтын ниет пен пейілдің тазалығынан көрініс табады.

Отандастарымызды Тазару күнімен құттықтаймын!

Қазір табиғат игіліктерін ұқыпты пайдалану және саналы тұтыну жолын таңдаған азаматтарымыздың саны артып келеді. Бұл – жарқын болашағымызға кепіл болатын игі үрдіс.


Мен бүкіл халқымызды тазалық пен тәртіп эстафетасына белсене қатысуға шақырамын.

Бәріміз күш біріктірсек, елімізді биік белестерге жетелеп, Әділетті, Таза, Өркендеген Қазақстанды құра аламыз.

Баршаңызға амандық және бақ-береке тілеймін!

akorda.kz

## ЭКОХАБ: ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР МЕН ИННОВАЦИЯЛАР ЖАСАУҒА АРНАЛҒАН АЛАҢ АШЫЛДЫ



Пластик қақпақ велошредердің көмегімен ұсақ түйіршікке айналып, кейін «I Love Karaganda» деген жазуы бар жарқын брелокқа айналады. Қалдықтарды қайта өңдеу туралы осындай ерекше тәсіл экохабта қолданылады. Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің базасында қаладағы алғашқы алаң ашылды. Мұнда экология технологиялармен, студенттік бастамалармен және практикалық эксперименттермен ұштасып, идеяларды нақты жобалар мен шешімдерге айналдыруға мүмкіндік береді.

Экохабта пластикті қайта өңдеуге арналған велошредерлер, қалдықтарды бөлек жинауға арналған контейнерлер және шеберлік сабақтарын өткізуге арналған аймақтар орнатылған. Жақын уақытта қайта өңделген пластикті балқытып, одан түрлі бұйымдар — брелоктар мен кәдесыйлардан бастап қалалық ортаға арналған заттарға дейін жасауға мүмкіндік беретін қосымша жабдықтар қой-

ылады. ECO Network жобасының және Қазақстандағы экохабтар желісінің негізін қалаушы Евгений Мұхамеджановтың айтуынша, мұндай кеңістіктердің идеясы экологиялық мәдениетті қалыптастыру бағытындағы көпжылдық жұмыстың нәтижесінде пайда болған.

— Біз бұл бағытпен шамамен сегіз жыл айналысып келеміз. Экохаб студенттер, оқушылар, компаниялар және экологияға қызығатын барлық адамдар жиналатын орталық алаң ретінде ойластырылған. Мұнда шеберлік сабақтары өтеді, қайта өңдеу технологияларымен танысуға және бұрын қоқыс саналған пластиктен өз қолыңмен бұйым жасауға болады. Мұндай формат адамдарға қалдықтың да ресурс екенін түсінуге көмектеседі, — дейді Евгений.

Экохабтың ашылуы өңір мектептерінде жүзеге асырылып жатқан «Экологиялық сыныптар» жобасының жалғасы болды. Тәжірибе көрсеткендей, жастардың тұрақты даму



тақырыбына қызығушылығы артып келеді. Осыған байланысты білім беру бастамаларын, стартаптарды және волонтерлік жобаларды бір алаңға біріктіру идеясы туындаған. Жаңа орталық өңірде қалыптасып келе жатқан экологиялық экожүйенің бір бөлігіне айналады. Мұнда сондай-ақ экологиялық акциялар өткізу және компаниялармен бірлескен жобаларды жүзеге асыру жоспарланып отыр.

— Біз экохабқа облыс мектептерін тартуды жоспарлап отырмыз. Бұрын құрылған экосыныптар өз жобалары мен әзірлемелерін осында ұсына алады. Болашақта бұл экологиялық бастамалар төңірегінде білім беру, ғылыми және кәсіпкерлік ортаны біріктіруге мүмкіндік береді, — деді хабтың ашылуында Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей.

Жобаның дамуына университеттік орта да маңызды рөл атқарады. Техникалық жоғары оқу орны ба-

засында экохаб жаңа инженерлік шешімдер мен студенттік стартаптарға арналған алаңға айналмақ.

— Біздің экохаб білім беру, таныстыру және практикалық кеңістік ретінде құрылып отыр. Студенттер тұрақты даму қағидаларын меңгеріп қана қоймай, оларды бірден тәжірибеде қолдана алады: пластикті қайта өңдеу технологияларымен танысып, шеберлік сабақтарына қатысып, қайталама шикізаттан бұйымдар жасайды. Мұнда экологиялық технологиялар мен циркулярлық экономика саласында жаңа студенттік жобалар да пайда болады деп сенеміз, — деді ҚарТУ ректоры Сәуле Сағынтаева.

Қарағанды мұндай орталық ашылған еліміздегі үшінші қала болды. Бұған дейін экохабтар Астана мен Алматыда іске қосылған.

Қарағанды облысы әкімдігінің  
баспасөз орталығы

## «НАУРЫЗ – КӨКТЕМ ШУАҒЫ» БАТА БЕРУ САЙЫСЫ



Балалар кітапханасының ұйымдастыруымен ұлттық дәстүрді дәріптеу мақсатында 16 наурыз - Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күніне орай «Наурыз-көктем шуағы» атты бата беру сайысы өткізілді. Мақсаты: Қазақ халқының ұлттық құндылықтарының бірі – бата беру дәстүрін насихаттау, жас ұрпаққа оның маңызын түсіндіру. Оқушылардың тіл байлығын, шешендік өнерін дамыту, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге тәрбиелеу. Сайыс ережесіне сай 7 үміткер қатысты. Әділқазылар алқасы: «Приозерск қалалық кітапханасы» кмм директоры П.С.Кенжебекова,

және мазмұнына назар аударып, бағалады. Сайыс қорытындысы бойынша бас жүлде «Батагөй бала» №1 мектептің 6 сынып оқушысы С. Уринбасар, 1 орын №2 мектептің 6 сынып оқушысы Ж.Бақытбек, 2 орын №2 мектептің 6 сынып оқушысы Б.Тоқталған, 3 орын №1 мектептің 6 сынып оқушысы Д.Панабек иеленді. Қалған қатысушылар Алғыс хатпен марапатталды. Сайыс қызықты әрі тартымды өтті. Көрермендер де сайысты қызығушылықпен тамашалап, ұлттық рухқа бөленді. «Наурыз-көктем шуағы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, қа-



«Достық» орталығының қосымша білім беру мұғалімі Г.Турдыбаева, «Балақай» бөбекжайының директорының м.а. Г.И.Исрикова сайыста әділ бағасын берді. Іс-шара барысында қатысушылар қазақтың салт-дәстүріндегі батаның мәні мен маңызы туралы қысқаша мағлұмат алды. Сайысқа қатысушылар кезекпен шығып, әртүрлі жағдайларға арналған баталарды (дастарқан батасы, жол батасы, той батасы т.б.) мәнерлеп айтып берді. Әр қатысушының батасы мазмұнды, тәрбиелік мәні терең болып, қазақы дәстүрдің көркем үлгісін танытты.

Қазылар алқасы қатысушылардың батаны айту мәнеріне, сөз саптауына

тысушылар естелік суретке түсті. Бата беру сайысында қатысушылар бата беру дәстүрінің маңызын терең түсініп, ұлттық рухани құндылықтарға деген құрметі артты. Іс-шара соңында ұйымдастырушылар мұндай тағылымды шаралар жас ұрпақтың ұлттық құндылықтарға деген құрметін арттыратынын атап өтті. «Наурыз – көктем шуағы» атты бата беру сайысы көпшілікке көтеріңкі көңіл күй сыйлап, халқымыздың ізгі дәстүрін жаңғыртқан мәнді де мағыналы шара болды.

*Балалар кітапханасының кітапханашысы: Кулмишева Ж.А.*

### Наследственное дело

*«После смерти Геворгизова Бориса Михайловича, умершего 22 октября 2025 года, открыто наследственное дело. Имеющимся наследникам обращаться к нотариусу Марбатовой А.М., по адресу Карагандинская область, г. Приозерск ул. Кисунько д. 1 Б тел. 87073453301»*

*Частный нотариус г. Приозерск*



## ПОДПОЛКОВНИК АСЫЛБЕК ЖАНБОЛАТОВ: ОТАН ДЕП СОҒАДЫ ЖҮРЕГІМ

Қазақстан Республикасы Конституциясының 36-шы бабында: «Қазақстан Республикасын қорғау – оның әрбір азаматының қасиетті парызы мен міндеті» - деп жазылған. Осы Ата заңымыздың қағидасы аясында егеменді еліміздің ер азаматтары әскер қатарына шақырылып, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарын толықтыратыны анық. Отан алдындағы өздерінің азаматтық борыштарын өтеу үшін алдымен әскери өмірге бейімделіп, жауынгерлік даярлықтың түрлі әдістерін орындауды үйренеді. Отан алдындағы қызметке адал болуға салтанатты түрде Әскери антты қабылдап, өзінің әскери міндетін орындауға кіріседі. Бүгінгі біздің кейіпкеріміз – Отан алдындағы борышын абыроймен атқарып, қазіргі таңда келісімшарт бойынша әскери міндетін атқарып жүрген 06708 әскери бөлімінің штаб бастығы, подполковник Асылбек Жанболатовты сұхбаттасуға тартқан едік.

– Отан қорғаушы Жанболатов Асылбек, өзіңіз жайлы айтып берсеңіз? Балалық кезіңіздегі арманыңыз қандай еді?

– Мен 1985 жылы 17 наурызда Көкшетау облысы Қызылту ауданында дүниеге келдім. Бала кезден әскери адам болуды армандадым. Балалық шақтағы қызығушылық танытқан әскери кинолар мен деректі фильмдер, одан бозбала өмірімдегі көзбен көрген әскери киімде жүрген адамдарды биік санап, бүгінгі күнде сол аңсаған арманыма жеттім деп ойлаймын.

– Өміріңізді әскери қызметпен қалай байланыстырдыңыз?

– Біз әскер қатарына шақырылғанға дейінгі уақытта, мектепте білім алып жүрген кездің өзінде бізге еліміздің әскер қатарындағы келісімшарт бойынша қызмет ету жөнінде көп айтылатын еді. Содан мен де әскерге шақырылмас бұрын егер де Отан алдындағы борышымды өтеу үшін сарбаздардың қатарына қосылсам, одан әрі қызметімді келісімшарт бойынша жалғастырамын» деп әлдеқашан еш ойланбастан шешіп қойған болатынымын. Содан бала кезден жетелеген арманып орындалып, шақыру қағазымен әскер ката-

рына алындым. Отан алдындағы борышымды Қапшағай қаласы 32363 әскери бөлімінде абыроймен атқарып, 2005 жылы Отар ауылдық округіндегі 82796 әскери бөлімінде келісімшарт бойынша әскери қызметші болып жұмысқа орналастым. Келісімшарт бойынша әскери қызметті гаубица артиллерия взводының командирі гаубица артиллерия дивизиясының батарея артиллериясы лауазымынан бастап бүгінгі күнде 06708 әскери бөлімінің штаб бастығына дейінгі сатыдан өттім.

– Өзіңізді кім деп санайсыз? Мен өз бейнемді суреттеп берер болсам, әскери адам болуды бала кезден армандағандықтан, дәл қазіргі сәтте өзімді нағыз Отан қорғаушы ретіндегі өз елімнің шынайы патриоты ретінде санаймын.

– Сізді өсірген әке-шеше және өзіңіздің отбасыңыз туралы айтып кетсеңіз?

– Әкем Айтмұхамбет Уәлиев, анам Айтжамал Уәлиева Көкшетау қаласы, Қызылту ауданында тұрады. Отбасымда өмірлік жарым Толқинай екеуіміз бірге 4 баламызға өнегелі тәрбие беріп келеміз.

– Әскер саласында қандай жетістіктерге қол жеткіздіңіз? Шынымды айтсам, мерзімдік әскери қызметті өткізіп жүрген уақытта офицер ретінде жауынгерлік даярлықтағы үздік көрсеткіштеріміз үшін бөлім командирінің қолынан мақтау қағазын алған сәттерде төбеміз бір көкке жеткендей сезінуші едік. Қазіргі келісімшарт бойынша әскери қызметте де құр алақан емеспіз. Мәселен, оқу жылының қорытындысы бойынша жауынгерлік даярлықта алда болып, бөлімнің штаб бастығы арасында «Үздік штаб бастығы» атағына қол жеткіздім. Бұл – мен үшін мақтаныш, бөлім командирінің тарапынан менің Отан алдындағы адал қызметіме берген әділ бағасы деп білемін.

– Болашақта сізге алға қойған мақсаттарыңызға жетуге тілектеспін. Сұхбатыңызға рахмет!

*Приозерск гарнизонының  
баспасөз хатшысы  
лейтенант Думан Жұмашұлы*



**БАҚЫЛАУ КАССА МАШИНАСЫ**  
**КОНТРОЛЬНО-КАССОВАЯ**  
**МАШИНА**

## ҚҰРМЕТТІ САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕР!

«Бақылау-касса машиналарын қолдануға байланысты кейбір мәселелер туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығымен бекітілген бақылау-касса машиналарына (бұдан әрі – БКМ) қойылатын техникалық талаптарға енгізілген өзгерістерге сәйкес тауарлардың ұлттық каталогына автоматты түрде қосылуды және оларды анықтауды көздейтін БКМ-ден фискалдық деректер операторларының 2.0.3 нұсқасының серверіне деректерді беру хаттамасы (бұдан әрі-2.0.3 нұсқасының Хаттамасы) әзірленді БКМ геолокациясы.

2.0.3 нұсқасының хаттамасына көшу үшін 2025 жылғы 17 қарашаға дейін мерзім белгіленген.

2026 жылдың 20 ақпанынан бастап 2.0.2 нұсқасының хаттамасын толық өшіру жоспарлануда екенін естеріңізге саламыз. 2.0.3 нұсқасының хаттамасына БКМ жаңарту қажет.

Еске саламыз, 2026 жылдың 1 сәуірінен бастап 2.0.2 нұсқасының хаттамасын толығымен өшіру жоспарлануда. Осыған байланысты бақылау-кассалық машиналарды (БКМ) қолданатын салық төлеушілер БКМ-нің 2.0.3 нұсқасының хаттамасына көшуін қамтамасыз етуі қажет.

*Приозерск қаласы бойынша  
Мемлекеттік кірістер  
басқармасы*

## УВАЖАЕМЫЕ НАЛОГОПЛАТЕЛЬЩИКИ!

В соответствии с изменениями в технические требования к контрольно-кассовым машинам (далее – ККМ), утвержденными приказом Министра финансов Республики Казахстан «О некоторых вопросах, связанных с применением контрольно-кассовых машин», разработанный Протокол передачи данных с ККМ на сервер операторов фискальных данных версии 2.0.3 (далее — Протокол версии 2.0.3), предусматривающий автоматическое подключение к Национальному каталогу товаров и определение геолокации ККМ.

Для перехода на Протокол версии 2.0.3 был установлен срок до 17 ноября 2025 года.

Напоминаем, что с 1 апреля 2026 года планируется полное отключение Протокола версии 2.0.2. В этой связи налогоплательщикам, применяющим контрольно-кассовые машины (ККМ), необходимо обеспечить переход ККМ на Протокол версии 2.0.3.

*Управление государственных  
доходов по г. Приозерск*

## УВАЖАЕМЫЕ НАЛОГОПЛАТЕЛЬЩИКИ!

В соответствии Законом Республики Казахстан «О регулировании торговой деятельности» с 1 января 2026 года субъекты внутренней торговли при осуществлении своей деятельности обязаны при производстве или импорте товаров регистрировать их в Национальном каталоге товаров (НКТ) до осуществления продажи, при розничной и оптовой торговле осуществлять продажу товаров только при наличии сведений о товарах в НКТ.

В целях поэтапного внедрения НКТ установлены следующие переходные сроки:

- для импортеров и отечественных товаропроизводителей до 1 марта 2026 года,

- для торговых сетей до 1

апреля 2026 года,

- для субъектов малого и микропредпринимательства, включая «магазины у дома» — до 1 июля 2026 года

На сегодняшний день контрольно-кассовые машины и информационная система «Электронные счета-фактуры» интегрированы с Государственной базой данных «НКТ».

В этой связи, при осуществлении импорта, производства, розничной и оптовой торговли необходимо обеспечить применение НКТ с присвоением идентификационного кода товара (NTIN). УГД по г.Приозерск

*Управление государственных  
доходов по г. Приозерск*

## ПРЕСС-РЕЛИЗ



2026 жылдың 17 наурызында Приозерск гарнизонының әскери прокуроры Алтай Молдабаевтың төрағалығымен Приозерск және Балқаш гарнизондарының әскери басқару және қылмыстық қудалау органдарының ведомстваралық кеңесі өткізілді.

Аталған кеңесте 2025 жыл қорытындыланып, 2026 жылға жоспарлар айқындалды.

*Приозерск гарнизонының  
әскери прокуратурасы*

17 марта 2026 года под председательством военного прокурора Приозерского гарнизона Алтая Молдабаева проведено Межведомственное совещание военных органов управления и уголовного преследования.

На данном совещании подведены итоги 2025 года и определены планы на 2026 год.

*Военная прокуратура  
Приозерского гарнизона*

## ЗЕҢБІРЕКШІЛЕР АТЫСЫ



Бүгінде «Астана» өңірлік қолбасшылық әскерлеріне қарасты 06708 әскери бөлімінің дивизион арасында 152 мм тіркемелі артиллериялық Гиацинт – Б зеңбірегінен біліктілікті арттыру мақсатында практика жүзінде есептеу топтары арасында атыс жаттығуы өткізілді. Астыс шартты жаудың броньды машинары мен құрлыстарын имитациялайтын нысандар бойынша жүргізілді.

Нормативтерді орындау барысында атыс есептеулері жарылғыш снарядтарды қолдана отырып, жабық позицияларынан атыс жүргізді.

Бұл әскери бөлімнің 2026 оқу жылының жауынгерлік даярлық жоспарына сәйкес ұйымдастырылған болатын.

Жауынгерлік даярлықтың жаттығуы «Сарышаған» полигонында өтті.

Атыс алаңда тартысты бәсекеде 2 зеңбіректі артиллериялық дивизионының зеңбірекшісі бірінші есеп топтағы мерзімді қызметтегі сарбаз қатардағы жауынгер Баймухамедова Руслан өзінің ұтқыр шапшаң іс қимылымен көзге түсті.

Аталған дивизионның өздерінің бағынысты Отан алдындағы борышын абыроймен атқарып жүрген мерзімін өтер жүрген сарбаздарға үлгі бола алады.

*Приозерск гарнизонының  
баспасөз хатшысы  
Думан Жұмашұлы*

## 2026 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН «ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК АКТИВТЕР ЖӘНЕ САТЫП АЛУ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік мекеменің атауы	Азаматтарды қабылдайтын тұлғаның аты - жөні	Азаматтарды қабылдайтын тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдайтын уақыты мен күні	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефондары
«Приозерск қаласының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Жүсіпов Ахан Жармаханұлы	Бөлім басшысы	Күнделікті сағат 17.00 де	Приозерск қаласы, Балхаш көшесі, 5	8(71039) 5-28-59
«Приозерск қаласының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Дюсенбаев Абиль Зейнелкапдулович	Сектор меңгерушісі	Күнделікті сағат 17.00 де	Приозерск қаласы, Балхаш көшесі, 5	8(71039) 5-29-03

**«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ІШКІ САЯСАТ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК  
МЕКЕМЕСІ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ**  
5-27-92

Бөлім басшысының азаматтарды жеке қабылдау уақыты. Сейсенбі сағат 17:00-ден 18:00-ге дейін.

**ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧЕРЕЖДЕНИЕ  
«ОТДЕЛ ВНУТРЕННЕЙ ПОЛИТИКИ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК»**  
5-33-16

График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела. Вторник с 17:00 до 18:00 часов.

**«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ АППАРАТЫ»  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ**  
5-33-16

Мәслихат төрағасы азаматтарды жеке мәселелері бойынша күн сайын, демалыс күндерінен басқа, сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды.

**ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧЕРЕЖДЕНИЕ «АППАРАТ  
ПРИОЗЕРСКОГО ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА»**  
5-33-16

Председатель городского маслихата принимает граждан по личным вопросам ежедневно с 17.00 по 18.00 часов, кроме выходных

**«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК  
БАҒДАРЛАМАЛАР БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ  
СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ**  
5-38-70

Бөлім басшысының азаматтарды жеке қабылдау уақыты - дүйсенбі, сәрсенбі, жұма күндері: сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін, 15.00-ден 17.00-ге дейін.

**ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГУ «ОТДЕЛ ЗАНЯТОСТИ И  
СОЦИАЛЬНЫХ ПРОГРАММ Г. ПРИОЗЕРСК»**  
5-38-70

График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела - понедельник, среда, пятница с 10.00 до 12.00; с 15.00 до 17.00 часов.

**«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ ӘКІМ АППАРАТЫ» ММ  
СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ:**  
5-30-06

Азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты:  
Қала әкімі – әр аптаның дүйсенбі күні сағат 17.00 ден бастап.  
Әкім орынбасары (коммуналдық сала) – әр аптаның сейсенбі күні сағат 17.00 ден бастап.  
Әкім орынбасары (әлеуметтік сала) – әр аптаның сәрсенбі күні сағат 17.00 ден бастап.

**ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГУ «АППАРАТ АКИМА  
ГОРОДА ПРИОЗЕРСК»: 5-30-06**

График приема граждан:  
Акима города – еженедельно по понедельникам с 17.00 часов  
Заместитель акима (коммунальная сфера) – еженедельно по вторникам с 17.00 часов  
Заместитель акима (социальная сфера) – еженедельно по средам с 17.00 часов

**«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК  
МЕКЕМЕСІНІҢ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ**  
5-20-17

Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі – дүйсенбі-жұма сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды.

**ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧЕРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ  
СТРОИТЕЛЬСТВА ГОРОДА ПРИОЗЕРСК»**  
5-20-17

График приема граждан руководителем отдела – Понедельник-Пятница с 17.00 по 18.00 часов.

№	Мекеменің атауы	Сенім телефоны/ Телефон доверия	Наименование организации
1	«Приозерск қаласы әкімінің аппараты» ММ	5-30-06	ГУ «Аппарат акима города Приозерск»
2	«Приозерск қаласының ішкі саясат бөлімі» ММ	5-27-92	ГУ «Отдел внутренней политики города Приозерск»
3	«Приозерск қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, спорт және дене шынықтыру бөлімі» ММ	5-40-93	ГУ «Отдел культуры, развития языков, спорта и физической культуры города Приозерск»
4	«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ	5-38-70	ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск»
5	«Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ	5-32-48	ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерск»
6	«Приозерск қаласының экономика және бөлімі» ММ	7-00-51	ГУ «Отдел экономики и финансов города Приозерск»
7	«Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ	5-32-99	ГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Приозерск»
8	«Приозерск қаласының құрылыс бөлімі» ММ	5-20-17	ГУ «Отдел строительства города Приозерск»
9	«Приозерск қаласының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» ММ	5-28-59	ГУ «Отдел государственных активов и закупок города Приозерск»
10	«Приозерск қаласының тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ	7-00-14	ГУ «Отдел жилищных отношений и жилищной инспекции города Приозерск»
11	«Приозерск қаласының тұрғын үй шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ	5-38-76	ГУ «Отдел ЖКХ, пассажирского транспорта и автомобильных дорог города Приозерск»

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru    Таралымы: 500 дана    Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35    QORJYNTUBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»  
Бас редактор: Исатай М.А.  
Техникалық редактор: Исатай М.А.  
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы,  
Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары,  
38а, 5.  
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15,  
«Арқо» ЖШС-де басылды.  
Тапсырыс №13/195, Таралымы: 500 дана,  
пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35  
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35  
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және  
Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат коми  
тетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27  
маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері  
редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар  
мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама  
беруші жауап береді. Газетте жарияланған мате-  
риалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.  
Суреттер интернеттен және архивтардан алын-  
ды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарыл-  
майды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады.  
Балаларға тыйым салынған.